




Білім беру ұйымының атауы				
Пәні:		Математика		
Бөлім:		Кестеден тыс көбейту, бөлу		
Педагогтің аты-жөні:				
Күні:				
Сынып: 3 «Ә»		Қатысқаны	Қатыспағаны	
Тақырыбы		65. <i>Сөз таптары</i>		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:		3.1.2.1* мәтіннің тақырыбы мен берілген суреттер, фото, диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжау 3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру 3.3.6.1 кең жолды дәптерде бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап көлбеу, үзбей және біркелкі жазу, жазу қарқынын жеделдету		
Сабақтың мақсаты		Мәтіннің тақырыбы мен берілген суреттер, фото, диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжайды Мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап береді; Кең жолды дәптерде бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап көлбеу, үзбей және біркелкі жазу, жазу қарқынын жеделдетеді		
		Сабақтың барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	I. Ұйымдастыру. Сәлемдесу. Психологиялық дайындық Бізде жақсы баламыз, Өсті ақыл санамыз Апайымызбен ең алғаш, амандасып аламыз. Жарқырасын күніміз, жайнап тұрсын гүліміз, Жақсы ниет тілекпен, Бастайық сабақ бүгін біз.	1. Мұғаліммен сәлемдеседі. 2. Өлең шумағын мәнгерлеп айтады	Жарайсындар!	
	Үй тапсырмасын сұрау Өткен тақырыптар бойынша сұрақтар. 1. Тұрлаулы мүшелер дегеніміз не? 2. Тұрлаусыз мүшелер дегеніміз не? 3. Жалаң және жайылма сөйлем дегеніміз не? 4. Бастауыш қандай сұрақтарға жауап береді? 5. Баяндауыш ше?	Сұрақтарға жауап береді.	Дескриптор: 1. Сұрақтарға жауап береді. Өз ойларын айтады. ҚБ: Жарайсың! Өте жақсы! Дұрыс!	Интерсенді тақта
Сабақтың ортасы Білу.	Оқушыларды оқу мақсаты және бағалау критерийімен таныстырамын. III. Жаңа тақырып. Білу және түсіну . Оқулықпен жұмыс. 1-тапсырма. Тақырыбын оқып, мәтін мазмұнын болжа. Мәтінді тыңда. Өнер ➤ Мәтін не туралы? Мәтін - өнер туралы. 1. Өнер түрлері туралы. Өнердің түрлері: сөз өнері, музыка, мүсін, кескіндеме, би, театр, сәулет өнері.	Тақырыбын оқып, мәтін мазмұнын болжайды және мәтінді тыңдайды. «Өнердің мақсатын сен қалай түсінесің?» сұрағы бойынша бір-бірімен ой бөліседі.	ҚБ: Жарайсың! Өте жақсы! Дұрыс! Талпын! Дескриптор: 1. Тақырыбын оқып, мәтін мазмұнын болжайды . 2. Мәтінді тыңдайды. 3. «Өнердің мақсатын сен	Оқулық

	<p>2. Өнер және оның мақсаты туралы. Өнердің мақсаты - адам өмірін, қоршаған ортаны көркемдік тұрғыдан игеру. Мен өнердің мақсатын - жеке тұлғаның жан - жақты дамып жетілуіне, оның эмоционалды күйіне, интеллектуалды өсуіне ықпал етеді деп түсінемін.</p> <p>➤ «Өнердің мақсатын сен қалай түсінесің?» сұрағы бойынша бір-біріңмен ой бөліс.</p> <p>2-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөз табын қойып, мәтінді оқы. Сөздер сөз таптарына қалай топтастырылғанын ойлап көр. Сені жан-жағыңнан заттар қоршап тұр. Сол заттардың атын білдіретін сөздерді зат есім дейміз. Заттардың қимылын, іс-әрекетін білдіретін сөздер - етістік деп аталады. Заттар әр алуан белгілерге(түрі, түсі, сапасы, саны) ие. Мұндай белгілер сын есім және сан есім арқылы айтылады.</p> <p>➤ Қарамен жазылған сөздер арқылы мәтіннің мәнін түсінуге бола ма? Олар осы мәтіннің тірек сөздері болып тұрғанын дәлелде.</p> <p>Сергіту сәті Қане қанат жазайық. Қарлығашқа ұқсайық. Ұшып-ұшып алайық Орнымызға қонайық. Білімде алда болайық.</p> <p>1. Сөз таптарын ата. 2. Баяндауыш дегеніміз не? Мысал келтір.</p> <p>3-тапсырма. Мақалды жатқа көркем жаз. Ақыл көпке жеткізеді, Өнер көкке жеткізеді. • Сөздердің қай сөз табына жататынын анықта. Қандай белгілеріне қарап анықтағаныңды жұбыңмен бөліс.</p> <p>4-тапсырма. Әр сөз табы туралы білетініңді айт.</p> <div data-bbox="384 1688 967 1906"> <p>Зат есім</p> <p>Етістік</p> <p>Сын есім</p> <p>Сан есім</p> <p>нені білдіреді? қандай сұрақтарға жауап береді?</p> </div> <p>Анықтамамен жұмыс.</p>	<p>Көп нүктенің орнына тиісті сөз табын қойып, мәтінді оқиды. Қарамен жазылған сөздер арқылы мәтіннің мәнін түсінуге бола ма? Олар осы мәтіннің тірек сөздері болып тұрғанын дәлелдейді.</p> <p>Сергіту сәтін іс-қимылмен көрсетеді.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді, өз ойларын айтады. Мақалды жатқа көркем жазады. Сөздердің қай сөз табына жататынын анықтайды. Қандай белгілеріне қарап анықтағаныңды жұбыңмен бөліседі.</p> <p>Әр сөз табы туралы білетінін айтады.</p>	<p>қалай түсінесің?» сұрағы бойынша бір-бірімен ой бөліседі.</p> <p>Дескриптор 1. Көп нүктенің орнына тиісті сөз табын қойып, мәтінді оқиды. 2. Қарамен жазылған сөздер арқылы мәтіннің мәнін түсінуге бола ма? Олар осы мәтіннің тірек сөздері болып тұрғанын дәлелдейді.</p> <p>Дескриптор: 1. Мақалды жатқа көркем жазады. 2. Сөздердің қай сөз табына жататынын анықтайды және қандай белгілеріне қарап анықтағаныңды жұбымен бөліседі.</p> <p>Дескриптор: 1. Әр сөз табы туралы білетінін айтады.</p> <p>ҚБ:Жарайсың! Өте жақсы! Дұрыс! Талпын!</p>	<p>Оқулық Дәптер</p> <p>дәптер</p>
--	--	---	--	---

				
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>IV.Сабақты қорытындылау.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сөз таптары дегеніміз не? 2. Зат есім қандай сұрақтарға жауап береді? 3. Етістік дегеніміз не? 4. Сын есім қандай сұрақтарға жауап береді? (оқу мақсаты мен бағалау критерийлеріне оралу): -Бүгінгі оқу мақсаты қандай болды? -Жетістік критерийлеріне жеттік пе? Бұл сабақта қандай жаңа білім алдың <p>Үй тапсырма .</p> <p>4-тапсырма.</p>  <p>➤ Кестені пайдаланып, сөздерді сөз таптарына талда.</p> <p>Өнер, көркем, эстетикалық, игеру, сомдайды*. Өнер - зат есім Көркем - сын есім Эстетикалық - сын есім Игеру - етістік Сомдайды - етістік</p> <p>Оқушылардың білімін бағалау</p> <p>Рефлексия</p> 	<p>Сұрақтарға жауап береді, өз ойларын айтады.</p> <p>Үй тапсырмасын жазады.</p> <p>Өздері кері байланыс жасайды.</p>	<p>Дескриптор</p> <p>1.Өз ой қорытындысымен бөліседі.</p> <p>Балдар жиынтығын қою</p>	